

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Маңғыстауды мекендейтін жәндіктер

ЖАРИЯЛАНДЫ
21.06.2019СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/58308/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Таджикулова Гулайым Нурдаулетовна

Мақсаты: Жәндіктер, оларға тән сипаттық үлгідегі, мінез-құлықтары, тіршілік ету ортасы туралы түсінігін кеңейту. Қоршаған ортаның сұлулығы мен жәндіктер әлеміне деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімділік, құштарлық сезімдерін ояту.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгіме, түсіндіру, ойын, көрсету, жұмбақ.

Сөздік жұмыс: Илеу, омарта.

Көрнекі құралдар: Жәндіктер суреттері, араның үйі омарта, құмырсқа илеуі т.б

| Әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------|---|--------------------------|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Шаттық шеңбері: Алақай-ау, алақай! Жарқыраған жаз келді, Өлкемізге нәр берді. Айналамыз жап-жасыл, Жазбен бірге ән келді. | Шаттық шеңберіне тұрады. |

| | | |
|--|---|---|
| <p>Іздену – ұйымдастырушы</p> | <p>Жұмбақтар: Гүлдерге қонады Шырынын сорады Түр - түсі сары - ала Бұл не?</p> <p>Қылдай белі бүгілген Өзіненде жүгі үлкен. Ол не? Әңгіме: Балалар, біздің Маңғыстау өлкемізде көптеген жәндіктер тіршілік етеді. Оларға - құмырсқа, көбелек, ара, жатады. Олардың аяқтары, басы, мұртшалары, денесі және іші бар. Олардың аяқтарының саны 2, 4, 6 болады. Олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Олардың үйі бар, олар қоректенеді, демалады, балалары бар, оларға қамқор болып, аялау керек. Жәндіктерден көп нәрсе үйренуге болады, олар бір-біріне көмектеседі, ұрыспайды - төбелеспейді, әрқайсысы өз міндетін атқарады және олар өте еңбекқор. Құмырсқа - өте еңбекқор жәндік, үйі илеу, топтасып өмір сүреді. Көбелек әдемі жәндік, біз оған сүйсіне қараймыз. Көбелек гүлдердің шырынымен қоректенеді. Ара - жәндік, оның үйін омарта дейміз. Аралар еңбекқор және пайдалы жәндік. Балалар өлкеміздің жәндіктерін қорғап, құрметпен қарауымыз керек.</p> <p>Сергіту сәті: Аралармыз ұшамыз, Гүлден балды жинаймыз. Қорбандаған аю келсе, Балымызды қорғаймыз.</p> <p>Өлеңдер жаттату. Көбелек Мен - көбелек, көбелек, Қанатым менің дөңгелек. Жайнап тұрған ауладағы, Гүлдерімді көре кет. Ара Мен - арамын, арамын, Гүлдерден балды жинаймын. Қорбандаған аюдан, Балымды қорғаймын. «Қиынды суреттер» ойыны</p> <p>Шарты: Араның, көбелектің, құмырсқаның суреттері 2, 3, 4 бөлікке қиылған. Балалар қиындылардан жәндіктердің суретін құрастырады.</p> | <p>(Ара)</p> <p>(Құмырсқа)</p> <p>Тәрбиешінің әңгімесін тыңдайды.</p> <p>Сергіту сәтін қимыл-қозғалыс арқылы орындайды.</p> <p>Қиындылардан жәндіктердің суретін құрастырады.</p> |
| <p>Рефлексті – коррекциялаушы</p> | <p>Ұйымдастырылған оқу қызметін сұрақ-жауап арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау.</p> | <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Жұмбақты шеше білуі керек.

Болуы керек: Қиындылардан жәндіктерді құрастыруды игереді.

Қолынан келуі керек: Жәндіктер туралы білді.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.